

**Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ҚММ-нің
әлеуметтік педагогының 2023-2024 оку жылының атқарған жұмысының
жылдық есебі.**

Мақсаты:

- Оқушыларға тәрбие мен білім беру, оларға әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету.
- Әр балаға қолайлы жағдай тудыру, әр түрлі әлеуметтік санаттағы отбасы балалармен, ата-аналармен жұмыс жасау, әлеуметтік көмекті үйымдастыру, тек көмек күтуші емес мәселені шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын үйымдастыру.

Міндеттері:

1. Жас ерекшелігінің әрбір кезеңіне байланысты баланың жеке дамуына кешенді ықпал ету.
2. Өзара қарым-қатынаста, оку барысында қындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету.
3. Оқушы отбасының тұрмыс және тәрбие жағдайын зерттеу.
4. Әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына материалдық көмек үйымдастыру.

Отбасы құрамын талдау

Қыркүйек

№	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Оқушылардың жалпы саны: Оның ішінде ұл бала саны: Қыз бала саны:	230 120 110
2	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны:	жоқ
3	Есепке алғынған оқушылар саны: (қолайсыз отбасы ретінде)	4
4	АСП (атаулы әлеуметтік көмек) алғын отбасы саны: Олардың ішінде көп балалы отбасы:	26 24
5	Аз қамтылған отбасы:	18
6	Толық емес отбасы:	17
7	Әкесі қайтыс болған:	12
8	Анасы қайтыс болған:	6
9	Көп балалы отбасы:	53
10	Оралман оқушылар саны:	жоқ
11	Мүгедек (үйде оқытылатын) балалар саны:	жоқ

12	Мүгедек бала:	2
13	Жалғызбасты әкелер саны:	2
14	Өгей әкемен тұратын бала саны:	1
	Барлығы:	141

Мектепте тамыз айының 31 күні бекітілген бұйрыққа сай, әлеуметтік педагогтың жоспары бекітіліп, жыл бойы жоспарланған жұмыстар атқарылды. Мектепшілік «Қамқоршылық кеңестің шешімімен «Мектепке жол акция» аясында мектептің әр түрлі санаттағы 142 оқушысына «Жалпыға бірдей оқыту қорынан» 42 000 (қырық екі мың теңге) мектеп формасын алу үшін тізімдегі балалардың ата-аналарына (жауапты тұлғаларға) қаражат аударылды. Ата-ананың есеп шоттарына түскен қаражатқа балаларына мектеп формасын алып бергендері туралы дәлелді, ата-аналар чек және фото есеппен растап мектептің әлеуметтік педагогына тапсырды.

Қыркүйек айында мектепшілік «Қамқоршылық кеңестің» шешімімен анықталған әр-түрлі санаттағы 142 оқушының «Жалпыға бірдей оқыту қорынан» есебінен бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылулары үшін, отбасы санаттарына қарай, №64 қаулыға сәйкес ата-аналардан өтініштер және тиісті құжаттар қабылданды.

Қыркүйек айының 11 жүлдөзынан бастап мектептің әр түрлі санаттағы 5-11 сынып оқушыларының 85 оқушысы және «Жалпыға бірдей оқыту қорынан» бір мезгіл тегін ыстық тамақпен 1-4 сыныптардың 90 оқушысы 100% қамтылды.

Қорғалжын ауданы полиция бөлімінің бірінші орынбасары Д.Куанышевпен оқушылар арасында құқықтық тәрбиені нығайту мақсатында, қылмыстың алдын алу мақсатында арнайы дәрістер өткізіліп, 7-11 сынып оқушыларымен профилактикалық әңгімелер өткізілді.



14 қараша күні Қорғалжын аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мектебіміздің оқушыларымен үй тұрмысындағы өрт қауіпсіздік, электр құралдарын, жылу беру пештерін, газ баллондарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сактауы сонымен қоса, балалардың үйде сіріңкемен ойнамауы, балаларды үйде жалғыз қалдырмау бойынша нұсқаулықтар, интерактивті сабактар және бейнероликтер көрсетіліп, жадынамалар таратты.



Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөніндегі мәліметтерді жинау. Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарына сәйкес қамқорлықтағы балалардың тұрмыс жағдайын зерттеу және жылына 4 рет үй-жайларын тексеру акт жасалып тұрады. Мектепте еki қамқорлықтағы оқушы бар олар:

Малибеков Арман 5 «А» сынып оқушысы

Рамазан Ерасыл 5 «А» сынып оқушысы.

Көкшетау қаласында өткен «Жаңа жылдық» мектебіміздің 5 «А» сынып оқушысы, қамқорлықтағы бала, Рамазан Ерасыл қатысып, ҚР Президентінің атынан 100 000 (жүз мың) теңге ақшалай сертификат және сыйлықтар табысталды.

Президент шыршасына



2024 жылы қантар айының 10 –нан 10 ақпан аралығында мектебімізде «Қамқорлық» қайырымдылық акциясының жоспары құрылып, үйымдастырылды. Акция мақсаты: әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету. Мектепішілік «Өзін-өзі басқару» үйымының оқушылары көмекті қажет ететін қарт әжелеріміздің үйлеріне барып, ауласын қардан тазартып, отындарын жарып, көмірлерін кіргізіп көмектерін көрсетті.



23 қантар күні Білім бөлімінің қолдауымен: "Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында және "Даналық мектебі" жобасын арттыру үшін ата- аналармен "Баланың бас ұстазы -ата-ана" тақырыбында тәрбиелік іс шара өтті. Тақырыпты іс-шараға мектебіміздің 1"Ә" және 9"Б" сынып ата- аналары белсенділік танытып қатысты.



25 қаңтар күні "Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың, буллинг және кибербуллингтің алдын алу" тақырыбында 1-11 сыныптардың ата-аналарына арналған жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа аудандық білім бөлімінің тәрбие әдіскері Тұрсынова Асем Алдабергенқызы және аудандық ювеналдық полицияның кәмелетке толмаған істері жөніндегі лейтенанты Саден Айтолжын Төлеутайқызы қатысты.

Жиналыстың мақсаты: ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шакыру. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертенгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.



2023-2024 оқу жылының қыркүйек, қазан, қараша желтоқсан айларында дәлелсіз сабактан қалған оқушы жоқ.

Әлеуметтік педагог және мектеп психологының жоспарына сәйкес жұмыстар үнемі жүргізілуде. Жоғары сынып оқушылармен мектептегі мазасыздық сауалнамасы жүргізілді. 25 қараша 10 желтоқсан аралығында «Гендерлік зорлық зомбырылышқа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» жаһандық науқаны аясында мектебімізде 8-11 сынып оқушылармен мен «Зорлық – зомбырылышқа қарсымын» атты профилактикалық алдын алу мақсатында оқушылармен түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Зорлық-зомбырылыштың алдын-алуда буллинг мәселесімен талаптарға сай жұмыстар жүргізілуде. Адам үйде, мектепте, немесе әлеуметтік жерде, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай.

«Буллинг және оның алдын алу» тақырыбында психологиялық іс –шара өтті. Іс- шара барысында оқушыларға буллингтің мағынасы, буллинг әкеліп тірейтін жағдайлар, буллингтің түрлері, буллингтің алдын- ауының психологиялық көрінісі туралы айтылды. Оқушылардың ой пікірлері тындалды. Оқушыларға әлеуметтік желідегі қауіпсіздік туралы түсіндіріліп өтілді. «Мен және менің құқығым» психологиялық тренинг сабак өткізілді. Оқушылардың құқықтық білімін тексерे отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айтуда үйрету. Жасөспірімдердің өмірлік дағдыларымен денсаулықтарын нығайту бойынша суицидтің алдын алу, мектеп оқушылары арасында суицидті болдырмау бойынша профилактикалық іс-шаралар өткізілді. Психологиялық тренингтер, жеке топтық кеңес берулер жұмыстары ұйымдастырылып атқарылады.

Мектеп психологы және мектептің әлеуметтік педагогы психологиялық қолдауды қажет ететін жасөспірімдермен үнемі сөйлесіп, әңгімелсу жүргізеді. Оқушылармен «Өз көңіл-күйіне әсер ет» сабактарын өткізді. Оқушыларға сабак барысында стресс, депресия, эмоция көңіл күй туралы мағлұматтар берілді.



11 қантар күні «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» іске асыру мақсатында 9-11 сынып оқушылары мен ата-аналарына "«Профи TIME» мамандықтар әлемінде" тақырыбында ата-аналарына «Баланың мамандық таңдауындағы ата-ананың рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: оқушыларға мамандық таңдауда ата-ананың рөлінің маңыздылығын түсіндіру.



02 сәуір бүкіләлемдік Аутизм жайлы ақпарат тарату күні мектептің медбикесі және әлеуметтік педагог мектеп оқушыларына аутизм туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға баланың ерте жастағы аутизмнің диагностикасы туралы арнайы буклет пен брошюра дайындалды.

Мектеп медбикесімен бірлесе отырып, отбасындағы қыздардың тәрбиесі басты назарда болғандықтан дөңгелек үстелдер, қыздарға кеңестер беру жұмыстары өткізілді.

1 наурыз «Алғыс күніне» орай Даналық мектебінің жоспары аясында 5 “Ә” сынып жетекшісі Уткельбаева Алмагүл Мақажанқызы "Ата мен әже ісі-бізге өнеге" тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды.

Мақсаты:

Ұлттық мұдде, ұлттық мәдениетті дәріптеу. Ар-ұят сөзіне берік болу, үлкенге деген құрмет көрсету, адамгершілікке баулу.




01 наурыз күні 2 "А" сынып оқушылары "Жол ережелері" тақырыбында тәрбие сағатын сынып жетекшісі: Омарова Орынтай Тұрарқызы өткізді.



15 наурыз қайырымдылық, мейірім мен тату көршілік тақырыбында игі істер марафоны аясында мектеп жанындағы интернаттың тәрбиеленушілеріне мектеп ұстаздары өздерінің арнайы дайындаған сый-сияптарын ұсынды.



Ұлттық салт-дәстүрлер қойылымдарынан үзінділер



Наурызнама 10 күндігі аясында 8 "А" және 8 "Ә" сынып оқушылары 17 наурыз Шаңырақ күні, тәрбиелік іс-шара үйымдастырды.

Бұл күнді отбасы құндылықтарын дәріптеуге арнау ұсынылады.

50 жыл отасқан отбасылар арасында "Алтын шаңырақ" атты тәрбие сабагы өтті. Ұйымдастырған: Қылышбаев Д.Е және Касенова Г.Ж



Ұлттық мұдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Ар-ұят: кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсете білу; қайырымдылықпен айналасу иғі іс екенін білу;

Наурыз мейрамын тойлаудың жаңартылған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры Қазақстанның барлық өнірінде "Жаздық жолдама 2024" – қайырымдылық жобасы аясында, Қорғалжын ауылдық округінің әкімі Даанбеков Нұрсұлтан Қайыргелдіұлы мектебімізге - 2 жолдама табыс етті. "Жаздық жолдама" жобасы жазғы каникул кезінде 5-8 сыныптардың зияткерлік және шығармашылық дамумен демалысты қамтамасыз етеді.

Бұл қайырымдылық жобасы оқуда үздік көрсеткіштерге ие (ұлгерімі және пәндік олимпиадаларға, пікірталастарға қатысуы) және мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын орта сынып оқушыларын қолдауға және ынталандыруға бағытталған.



23 наурыз күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына және "Наурызнама" күнтізбесіне сәйкес бүгін - "Тазару" күні.

8-10 сынып оқушылары "Тазару" күніне атсалысып, мектептің ауласын қардан тазалау жұмыстарын жүргізді.



02 сәуір күні "Қауіпсіз интернет" тақырыбында 5-7 сыныптарға арналған ашық ақпараттық сабак өтті.

Откізгендер: информатика пәнінің мұғалімдері М. Рысбаева және М. Кульманов



Қорғалжын аудан прокуратурасының тапсырмасына орай, 2024 жылдың 03 сәуір күні мектептің 9-11 сынып оқушыларына арналған «Бопсалау, есірткі препараттарын қолдану және тарату, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы зорлық-зомбылық қылмыстары үшін жауапкершілік мәселесі» тақырыбында Қорғалжын аудан прокуратурасының прокурорының көмекшісі: Берғалиұлы Қазбекби оқушыларға Зан тарапынан жауапкершіліктің түсінігі бойынша өз баяндамасын оқып, тақырыпты презентациясын ұсынды. Есірткі қылмыстары үшін жауапкершілік мәселелерін қамтып, оқушылармен профилактикалық әңгіме жүргізіп, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.



10 мамыр күні мектебімізде "Аналар күні" аясында "Жанұя қамқорым - ана тірегім" тақырыбында сайыс сабак өтті.

Аталмыш іс-шараға 5 сынып оқушыларының төрт оқушысы өздерінің аяулы аналарымен қатысты. Ана мен баланың көрсеткен өнерлеріне әділ баға берген Аудандық аналар кеңесінің төрайымы: Баймұханова Заря Қайратқызы

және Аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері Тұрсынова Асем Алдабергенқызы.



21 мамыр күні мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына Қорғалжын ауданының Жастар ресурстық орталығының теолог маманы Жумабаев Жандос Нурхалиұлы, "Теріс пиғылды діни ағымдардың идеологиясына қарсы тұру, діни-құқықтық сауаттылықты арттыру" тақырыбында семинар өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



"Таза Казақстан" эко-акциясы аясында 23 мамыр күні 6-8 сынып оқушылары мектеп ауласын қоқыстан тазартты.



24 мамыр күні орта буын сынып оқушыларының ата аналарына Қорытынды сабак «Қауіпсіз жаз» тақырыбында аудандық ішкі істер полиция бөлімінің жасөспірімдер инспекторы Саден Айтолқын Төлеутайқызымен кездесу өтті.

Мақсаты: оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыра отырып, суға тұсуге өз беттерімен барып тұспеуді, көшеде, жолда абай болып жүруді, электро-велосипедтерге отырмау, саяхатқа шығып от жақпауды ескерту, білімдерін кеңейту, қауіпті жағдайлардан сақтана білуге үйрету, алғашқы көмек көрсету шараларымен таныстыру. Жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүргүре тәрбиелеу.



Қорытынды жын аудандық ішкі істер полиция бөлімінің жасөспірімдер инспекторы Саден Айтолқын Төлеутайқызының қатысуымен «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік» тақырыбында мектебіміздің 1-4 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыра отырып, суға өз беттерімен барып тұспеуді, саяхатқа шығып от жақпауды ескерту, білімдерін кеңейту, қауіпті жағдайлардан сақтана білуге үйрету, алғашқы көмек көрсету шараларымен таныстыру. Жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүргүре тәрбиелеу.



Әлеуметтік педагог:

А.Уралбекова